С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.3. – Б.79-81

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫМЕН БІРГЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

Бабаликова А., Әкімбеков Е.

Жоғарғы оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау мен тәрбиелеу сапасын жақсарту оқу әдістерін жетілдіре түсуді, оқу әдістемелік құралдарын үздіксіз жаңару отыруын қажет етеді. Пән курсын игеру дегеніміз – болашақ маман үшін оқытылатын пәннің маңызын түсіне білу, оқылатын материалдарды, тәжірибе жүзінде қолдана білу және тұрмыс тіршілікте көріністер арқылы түсіне білу. Осыған байланысты студенттердің оқытушымен бірге өткізілетін өздік жұмыстарын сапалы жүргізудің маңызы зор. Сондықтан оқыту үрдісінде ғылыми фактлердің жиынтығын берумен ғана шектелуге болмайды. Сонымен бірге студенттердің жүйелі, дидактикалық ойлау қабілетін қалытастыру да маңызды міндет екені мәлім.

Қазіргі заманымызда қоғамға өз бетімен жұмыс атқаратын, еркін де кеңінен ойлайтын, өздігінен алдына мақсат қойып және оған жетудің әдіс-тәсілін шығармашылықпен анықтап, сондай-ақ қолдана алатын кәсіби-маман тұлғасы болуы керек. Мұндай тұлғаның дамуына бағытталған білім берудің негізі болып тұлғаның өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін жетілдіру процесі жатады.

Болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырудың бір жолы – студенттердің өздік жұмысы деп білеміз. Осыған орай оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілерді, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Студенттің өздік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі. Өздік жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өздік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.

Бірінші курстарда оқытылатын пәндердің көпшілігі студенттердің фундаментальдық білім алатын пәндері болып табылады, яғни бірінші адаптация кезеңінде студенттерді көп нәрсеге үйретуге, оларды ғылыми конференцияларға, пән олимпиадаларына қатыстыруға тура келеді. Сондықтан, оқу сапасын арттыру мақсатында оқыту үрдісінің жұмыс бағдарламасында, дәрістер мен машықтану-тәжірибе сабақтарында яғни

мамандықтың ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті деген әдістерді оптимальды түрде пайдалануды ескерген дұрыс.

Студенттердің әріден ойлай білу қабілеттілігін арттырудың ең нәтижелі әдістерінің бірі – өздік жұмысқа берілетін тапсырмаларды орындаудың сапалылығына, маңыздылығына көңіл бөлу болып табылады. Студенттердің өздік жұмыс тапсырмаларын орындау барысында білім көздерінің бірнеше түрін қолдануды талап ету керек, яғни әдебиеттердің, оқулықтардың бірнеше түрін ұсыну қажет.

Осы орайда студенттердің оқытушымен бірге өткізілетін өздік жұмысы сабағын өткізудің бір мысалын қарастырғымыз келеді.

Өздік жұмыс сабағының бір ерекшелігі сол, студент теориялық білімін жетілдіріп, толықтыра алады және алған теориялық білімін бекіте түседі. Сондай-ақ студент дайындық барысында өз бетінше ізденуді, ұқыптылықты, жүйелілікті, міндеттілікті өз бойына сіңіріп, соған дағдыланады.

Өздік жұмыс сабағында студенттерге тапсырма берілместен бұрын сол тақырыптан практикалық сабақ өткізілетіні белгілі, яғни теориялық білім толық талданады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндіріс дамуының негізгі құралы ақпараттық ресурстардың қажеттілігі болып отырғаны сөзсіз. Осыған байланысты қазіргі заманда ақпараттар кеңістігінде адамға дұрыс бағыт таңдай білу үшін оқытудың жаңа технологиялары, атап айтсақ, ақпараттық технология дамуда.

Заманауи ақпараттық технологияны пайдалануға өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді.

Студенттің өздік жұмыс тапсырмаларын орындауға қажетті білім көзінің бірі - электрондық оқулықтар деп санаймыз. Электрондық оқулықтар да білім сапасын және студенттің пәнге қызығушылығын арттыруға өз үлесін қоса алатын құрал болатыны даусыз. Кітапханадан бірнеше оқулық алуға мүмкіндігі болмай қалған жағдайда біздің оқу орнының студенттері электрондық оқулықпен кез келген уақытта дайындалу мүмкіншілігіне ие болды. Ендеше, оқытудың компьютерлік технологиясын және интернет ресурстарын оқу үрдісінде кеңінен қолдану студенттердің өз бетімен ізденісіне, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық белсенділігін дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызады.

Студенттердің танымдық қызметі барысында өздік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл мәселеге Гарунов М.Г., Блохина Р.А., Вербицкий А., т.б көптеген ғалымдар үлкен мән беріп, зерттеген. Бұл зерттеулердің өзектілігі – студенттердің теориялық және практикалық білімді

саналы игеріп, интеллектуалдық қызмет жасай білуге тәрбиелеу болып табылады.

Студенттердің өздік жұмысының басқа жұмыстардан ерекшелігі – студент өз алдына мақсат қояды, оған жету үшін жұмыс түрін, тапсырманы таңдайды.

Қорыта келгенде, студенттердің өздік жұмыс тапсырмаларын орындау барысында мынадай оң нәтижелер беретіндігін айта кетуге болады.

1. Студенттердің өз бетімен жұмыс істеуін дамытады;

2. Тақырып бойынша алған білімдерін қолдана білуге үйретеді;

3. Студенттердің сабақтарға жүйелі түрде дайындалуын қамтамасыз етеді,

4. Емтиханға, аралық бақылауларға дайындалуға көмекші құрал бола алады;

5. Жаңа өтілген түсініктердің, терминдердің бұрын өтілгендермен байланысын жетік меңгеріп, оларды қолдана білуге бейімдейді;

6. Зерттеушілік іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады;

7. Алған білімді қолдану, оларды толықтыру, кеңейту дағдысын қалыптастырады;

Яғни, студенттердің оқытушымен бірге өткізілетін өздік жұмыс сабақтары өз деңгейінде жүргізілсе, студентке де, оқытушыға да көп нәтиже берері сөзсіз.